

егемен

Казакстан

## Тәуелсіздік және ұлт мәселесі: тағылымдар мен таңдаулар

(этносоциологиялық сараптама) Сырт көз сыншы дегендей, Қазақстан тәжірибесімен танысқан Еуропарламент депутаттары Қазақстандағы демократияның «тұқымы» еуропалық емес, қазақстандық, ал біз өз тарапымыздан оған тек ылғалдандыратын «су» ғана беріп, тәжірибе алмасып, адам құқын қорғаудың демократиялық тетіктерін жақындата аламыз деген. Этникалық мәдениет адамдарды жікке бөледі, тіпті қарсы қояды, жанжалдарға апарады дей келіп, олар Қазақстан тек мұнайлы ел ғана емес, ұлтаралық келісімді сақтап отырған ел деп бағалайтындарын мойындады. Оларды Қазақстан тәжірибесі қызықтырып отыр. Еуропа елдерінде мультикультуризм идеясы мен азаматтық қоғам идеясы қатар жүруде, олардың үйлесімін табу жолында бізбен тәжірибе алмасып, жетілдіре түсеміз деп есептейді Еуропарламент депутаттары («Литер», 9 шілде, 2010 жыл). Осындай пікірлер Астанада өткен саммит барысында да айтылды. Мақалада қазақстандық ұлт саясатының сабақтары мен кейбір көкейкесті мәселелері бүгінгі этносоциологиялық тұрғысынан сараланды.

**ҰЛТ АРМАНЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК** Адамзат тарихы, марксизм айтқандай, байлық, билік, мансап үшін таптардың, топтардың тартысы ғана емес, ұлттардың да бәсекелестігі, тәуелсіздік үшін күресі. Ұлт идеясы мен тәуелсіздік көне дүниеден бастау алады. Тарихшылар тәуелсіздік мұраты Мұсаның еврейлерді Мысырдан армандаған жеріне жетуінен басталады деп те жориды. 1966 жылғы қабылданған «Азаматтық және саяси құқтар тұралы» Халықаралық пакттың бірінші бабы әр халықтың егемендікке, өз саяси мәртебесін анықтауға, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өрлеуге ұмтылысын қолдайды. Кеңес заманында бұл бапты еуропалықтар отарлаған Азия мен Африка елдеріне ғана қатысты деп, қазақтар, болмаса басқа ұлттар тәуелсіздік алады деген ой тіпті кеңес басшыларының санасына да кірмеді. 1924, 1936, 1977 жылғы Кеңес Одағы конституциялары одақтан бөлінуді мойындағанмен, бөлінуге жағдай, мүмкіндік бермеді. Бүгін жаһандану үрдісіне қарамастан, ұлттық мемлекет пен ұлттық тәуелсіздік – адамзат тіршілігінің іргелі жолы. Бүгін ұлттық патриоттық күштердің ықпалын есепке алмай, әлемді тану, болжау мүмкін емес екендігі ақиқатқа айналды. Социализм, капитализм, дейді кейбір ғалымдар, ұлт құдіретінің қасында сына қалатын жай ғана шөп сияқты. Бірақ, бір ұлт бір мемлекет құрайтын жағдай сирек. Аталған халықаралық пактының 27-бабында этностық, діни және тілдік азшылық топтардың мүддесін қорғауға да зор мән берілген. Осыдан ұлт мәселесін шешу – қайырымды істердің ішіндегі ең қауіптісі

деген сөз шыққан. Кейде тығырыққа тіреліп, шешімін табу мүмкін болмайтын жағдайлар да бар. Адамдардың нәсіліне, ұлтына, наным-сеніміне карамастан, олардың таңдауын, еркін ойлау – басты қағидалардың бірі. Осы тұрғыдан Таулы Қарабақ армяндарының құқын құрметтеу – заңды талап. Сонымен бірге, мемлекеттің территориялық тұтастығын мойындау, Әзербайжан елінің бүтіндігі тұрғысынан армяндардың әрекеті халықаралық қағидаларға қайшы. Таулы Қарабақтың қасіреті осында. Сондықтан тәуелсіздік алған елдердің тарихы алуан түрлі, әр ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізуі, отарсыздану жолдарынан өтуі әрқилы. Қазақ тарихында отаршылыққа қарсылық үздіксіз жалғасып келді. Тіпті 30-жылдарғы қуғын-сүргін қазақтың бұғанасын сындырғанмен, 50-жылдардың екінші жартысы мен 60-жылдардың басында қарсылық Қазақстанда қайтадан күшейді. Бұл «жылымық», И.Сталиннің жеке басына табынушылықты сынау, ұлтшылдар деп айып тағылғандарды ақтау заманы еді. Осы кезде одақтас республикалардың құқын кеңейту, өз мәселелерін өздері шешуге мүмкіндік беру де, әсіресе, экономика, білім, мәдениет салаларында қолға алынған. Екінші жағынан, халықтардың еркіндікке ұмтылуы үрей туғызды. Ресми саясатпен келіспейтін, қарсы пікір айтатындарды диссидент деп айта бастады. Өзгеше ойлайтындарды, басқа пікір ұстанушыларды инакомыслящие деп атады. Орталыққа қарсылық алуан түрлі болды: листовкалар тарату, жасырын ұйымдар құру, бүлік шығару, орыстарға қарсы еліне оралған чешендердің көтерілістері; чешендерге қарсы орыс шовинизмі. 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында үстемдік саясатқа қарсылық білдірген 8124 адам сотталды, партиядан, комсомолдан шығарылғандарды есептемегенде. Н.Хрущевті либерал, демократ деген жалған екені белгілі болды. Аттарын жасырып, қолдары қойылмаған орталыққа жазылған аноним хаттардың 27,2% ұлт саясатына наразылық білдірген. Украина мен Белоруссиядан хаттар Одақтан бөліну мәселесін ашық қойған. 20 украиндықтың сотталғаны туралы ақпарат қазір жарияланып жатыр. Қазақстанда да әр түрлі ұйымдардың өмірге келіп, олардың мүшелерінің тағдыры туралы біздің қоғам хабардар. Қазақ ұлтының санасына зор ықпал еткен Ж.Тәшенов болды. Принципісіз, немқұрайды, кеңқолтық көзқарас жайлаған ортада Ж.Тәшенов «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деп, Мәскеудің айдауына қарсы тұрып, ұлтының мүддесі үшін күресті. Басқа игі істерін айтпағанда, оның Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары (оның ішінде Целиноград, қазіргі Астана қаласы да бар) Ресейге берілуіне қарсылығы, осы жолдағы қайсарлығы көп қазаққа үлгі болды. Әрине, Ресей қазақты бағындырып, көндіріп қана қойған жоқ, жартылай жұтып та алды, орыстандырды, дінсіздендірді. Тарихи жадынан айыра бастады, қазақты

жалтақ, көңгіш, айдауына жүретін, айтқанын істейтін ұлтқа айналдыруға тырысты. Оның зардабын бүгін де шегіп отырмыз. Бірақ қазақ түгел бас ұрушы ұлтқа айналмады, метрополия қазақты өзінің ықпалына толық бағындырып, шортанша жұтып қоя алмады. Қазақтың намысы империяның тынысын тарылтып, Ж.Тәшенов сияқты тұлғалар оның тамағына көлденең тұрған сүйектей болды. Ж.Тәшенов қарсылығы қазақ ақын, жазушыларын қанаттандырды, шабыт берді. Өмірге Ж.Нәжімеденов пен Ш.Қалдаяқовтың кейін гимнге айналған «Менің Қазақстаным» әні, Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы, І.Есенберлин мен Ә.Кекілбаевтың романдары, басқа да шығармалар ұлттық патриотизм идеясын ел санасына сіңірді. Ал ұлттық идеяның әдебиетте, ұлт санасына терең ұялауы Желтоқсан көтерілісіне рухани дайындық болды. Қазақстандағы ұлттық патриотизмнің өсуі, орыс ұлтшылдығының бас көтеруіне де түрткі болды. Кеңес өкіметінің саясатына наразылық орыстардың да Коммунистік партияға қарсы шығуына әкелді. Партияны «орысшыл» емес деп кінәлады. «Орысшылдар» орыс патриотизмін алға тартып, орыс ұлтының мәртебесін көтеру, орыстың «қасиетті рухын» сақтау үшін күресті. Ал орыс идеясы орыстарға ұнады. Елдегі жағдайдың қиындығы мемлекет басшылығында еврейлердің де көпшілігімен де түсіндірілді, кейде партия мен үкімет аппаратындағы еврейлер туралы статистика қолдан-қолға тарады. Орталық комитеттің қызметкерлері де ресми емес жағдайда орыс идеясын қолдайтындарын жасырмаған. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.Чебриковтің 28.03.1981 жылғы Орталық комитетке жазған есебінде былай делінген: «В последнее время в Москве и ряде других городов страны появилась новая тенденция в настроениях некоторой части научной и творческой интеллигенции, именуемой себя русистами». В.Чебриковтің айтуынша, тіпті 60-жылдары русистер Огурцов, Вагин, тағы басқалар күшпен Кеңес өкіметін құлатуға дайындалған. Ал русистер Осипов пен Иванов жасырын журнал шығарып тұрған. Иванов «Логика кошмара» и «Рыцарь неясного образа» атты романдардың авторы. Бұл шығармаларда Кеңес өкіметін орыс ұлтына қарсы мемлекет ретінде, ал мемлекет басшылары қара бастарының қамы үшін талай қылмыстарға, төңкерістерге, дөрекілікке барған адамдар ретінде суреттелген. Бұл тарихи шындық болғанмен, Кеңес өкіметі басқа ұлттарды одан да артық қудалағанын олар көрмеді. Русистердің ой-пікірі, сайып келгенде, орыс шовинизмімен ұласып жатты. Олар орыс ұлтын қорғай алмайтын Кеңес өкіметі қоғамды басқаруға қабілетсіз деп бағаланды. Сөз жоқ, өз кезегінде орыс шовинизмі ұлттық республикаларда қарсылық туғызды, ұлттық патриотизм өсуіне әкелді. Осылай, бір жағынан, Одақтан республикалардың орталықпен күресі, екінші жағынан, орыс шовинизмі Кеңес Одағының іштей

ыдырауына әкелді (В.А.Козлов. Крамола: инакомыслие в СССР во времена Н.Хрущева и Л.Брежнев. (По материалам Верховного суда и Прокуратуры СССР) («Общественные науки и современность», 2002 ж., № 3,4). Қоғамда көзге көріне бермейтін, іштен тынып, ыза кернеп, ашу қысып жүргендер аз болмады. Дегенмен, Кеңес өкіметі мемлекеттің тұтастығын сақтау үшін бар күшін салды, 1991 жылы наурыз айында референдум өткізілді. Референдумға қатысқан 112 млн. халықтың 76% Одақты қолдап дауыс берді. Литва, Латвия, Эстония, Грузия, Армения және Молдавия референдумнан бас тартты, тек ол республикаларда орналасқан әскери бөлімдегілер дауыс берді. Одақтың күні санаулы екені белгілі болды. Күні бүгінге дейін қазақстандықтардың біразы «егемендік» пен «тәуелсіздік» ұғымдарын, 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ ССР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы мен 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңын ажырата алмауда. Декларация – заң емес, республиканың саяси-экономикалық қағидаттарын мәлімдейтін құжат. Конституциялық заң қабылданған бастап, Қазақстан өз елінде барлық билікті жүргізетін, ішкі және сыртқы саясатын өзі анықтап, өзі жүргізетін тәуелсіз мемлекет құзыретін заңды тұрғыда рәсімдеді.

ТАҒЫЛЫМДАР Қазақстан тәуелсіздігі төңірегінде күні бүгінге дейін әр түрлі пікірлер айтылуда. Кейбіреулер барлық республикалар Одақтан біржола кеткеннен кейін, Қазақстан амалсыздан жариялады дегендей ой айтса, енді біреулер Қазақстан соңғы күнге дейін жаңа үлгідегі Одаққа сенді дейді. Ел халқының 40%-дан астамын ғана қазақтар құрайтын Қазақстанды одақтас республикалардың алғашқыларының бірі болып тәуелсіз мемлекет деп жариялау, әрине, қоғамда қарсылық туғызуы мүмкін еді. Сондықтан 1990-1991 жылдар Қазақстан халқын тәуелсіздікке саяси және психологиялық жағынан бейімдеу жылдары болды. КСРО-да сол тұста 200-ге жуық этнотерриториялық жанжалдар ықтимал еді. Соның біразы Қазақстанда болатын. Ұстамсыздық, қызбалық көңіл-күй ормандағы өрттей лаулап, жағдайды билетпей кетуі мүмкін еді. Қазақстандықтарды күрделі өзгерістерге бірте-бірте икемдеп, Одақты сақтап қалу мүмкіндігінің жоқтығын еліміздегі, әсіресе, диаспоралардың көзін жеткізу керек болды. Осындай байсалды саясатты қазақ мемлекеті ұлттық валюта – теңгемізді енгізу тұсында да ұстанды. Халықты жаңа саяси-психологиялық жағдайға бейімдеу, пайымдылық – қазақстандық ұлт саясатының маңызды тағылымы. Байсалды ел байқамай қате жібермес деген осы. Марк Твен айтқандай, «тәуелсіздікке қол жеткізген ел саяси лотереяда пілді ұтқанмен бірдей, ал пілді асырау керек», деп. Жазушы тәуелсіздіктің жүгі мен жауапкершілігіне, алға ұстаған

нысанаға жету жолының қауіп-қатерге, күмән мен күдікке толы екендігін меңзеп отырса керек. Экономикалық, саяси реформалар, тоталитаризмнен демократияға өту Қазақстандағы үлкен-кіші этностық қауымдастықтар арасында абыржу, мазасыздану, сепаратистік көңіл-күй, кеңес заманын аңсау, болашаққа күдіктену сезімдерін туғызды. Қазақтар болса тілі мен мәдениетінің жағдайына көп алаңдады. Ұлттық сана-сезімге әлеуметтік, экономикалық жағдайдың жағымсыз ықпалы зор болды. 90-жылдардың ортасындағы зерттеулерге қарағанда, қазақстандықтардың 2%-ы молшылықта өмір сүреміз, 22,8%-ы тұрмысқа қажетті жағдай негізінен бар десе, басқалары азын-аулақ игіліктермен күн көрушілер болған. Он отбасының бірі қайыршылық жағдайда өмір сүрген. Кеңес заманында еуропалық стандарттарға бейімделіп қалған қалалық орыс, украин, поляк және басқалар үлкен алаңдаушылық білдіріп қоныс аударса, шүкіршілік психологиясы терең санасына сіңген қазақтар сабырлы болды. Қазақтың басым көпшілігі кедейшіліктен тәуелсіздікті, еркіндікті жоғары қойды. Тек материалдық жағдай, қымбатшылық қана емес, жұмыссыздық, қылмыстың өсуі, медициналық қызметтің әлсіреуі, уақытында еңбекақы ала алмау, адам құқының бұзылуы, моральдық азғындық, қоғамның байлар мен кедейлерге жіктеле бастағаны этностардың көңіл-күйіне зор жағымсыз ықпал етті. Дегенмен, саяси экономикалық, моральдық дағдарыс әр этностық қауымдастықтың санасына әртүрлі ықпал етті. Қазақтар болса табиғи байлықтың шетелдіктердің қолына берілуіне бүгінге дейін алаңдаса, славян тектілер адам құқығының бұзылуына мазаланды. Ұлтаралық мәселе көбіне көп интеллигенция өкілдерін ойландырды. Славян тектілер мен немістер пессимистік көңіл-күйге бой алдырса, қазақтар болашаққа сенімді болды. Этносаралық қатынастарды бағалауда қазақтар мен этностар өкілдерінің айырмашылықтары анық байқалды. Сол кездегі әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, қазақтар ұлтаралық қатынастарды «достық», «бейбіт» деп сипаттаса, славян, еуропа тектілер оңды баға беруге сараңдау, «әр уақытта да достық емес», «қайшылықты» деп бағалаған. Қазақтар «басқа этнос өкілдерінің ішінде достарым көп» десе, басқалар «достарым өз этносым ішінде көбірек» деген. Еліміздің әртүрлі аймақтарында сепаратистік көңіл-күй де байқалды. 1991 және 1992 жылғы этноәлеуметтік зерттеулер бойынша, Шығыс Қазақстан облысында славян тектілердің басым көпшілігі – 42,6%-ы автономия идеясын қолдап, 30,3%-ы қарсы болған. Ал Солтүстік Қазақстан облысында автономияны қолдаушылар мен қарсылардың саны сәйкесінше 35,5 пен 33,5% болды. Территориялық автономияны ашық қолдағандардың арасында немістер мен ұйғырлар да бар («Социологические исследования», 1998, №3, 46-50 беттер). Ал П.Своик сияқтылар Қазақстандағы орыс этносын

империялық пиғылдың қолдаушыларына айналдыруға тырысты. Ол «Қазақстан и Россия: быть ли в новом союзе» мақаласында қазақ ұлтының өз бетінше дамитын материалдық және интеллектуалдық ресурстары жоқ ұлт деп ұлтымыздың намысына тиді. Қазақстандағы этносаралық, азаматтық келісім, саяси тұрақтылықтың негіздері Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясында бекітілді. Оның 14 бабының 2 тармағында заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдейлігі мойындалған: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген жағдаяттар бойынша ешкімді кемсітуге болмайды». Дегенмен, жас мемлекетіміздің ішкі ахуалы этносаралық қарым-қатынастарды этностық қана емес, азаматтық негізге икемдеуді талап етті. Осыдан келіп тәуелсіздіктің субъектісі туралы мәселе көтерілді. Елдің иесі, мемлекеттің территориясында ұлтына қарамастан, тұратын барлық халық па, әлде мемлекетке атын берген ұлт па? – деген сауал туды. Бұл сауалды қоюшылар мемлекетке атын берген ұлттың азшылығын да шет жағалап айтып жүрді. Олардың арасында қазақтар да болды. Бұл мәселенің, шындығында, саяси да, психологиялық та жақтары бар еді. Тәуелсіздік алған мемлекеттің субъектісі тұтастай елді мекендейтін халық болса, мемлекет азаматтық сипат алады. Этностық азшылық топтар мемлекеттің тең құқылы азаматы болып есептеледі де, өздерін бөтенбіз деп сезінбейді. Сондықтан 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...» деген сөздермен басталады. Іс жүзінде халықтың тәуелсіздігі мен ұлттың тәуелсіздігін айыру мүмкін емес. Демократиялымыз дейтін азаматтық қоғам қалыптасқан еуропалық мемлекеттерге байырғы ұлттардың аты берілген, мемлекеттік рәміздері де ұлттық болмысының айнасы. Біздің еліміздің мемлекеттік рәміздері де қазақ дүниетанымына негізделген. Қазақстан ұлт саясатының тағы бір тағылымы – мәдени плюрализм: әрбір этностық топтарға өз мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға жағдай туғызу. Қазақстан Республикасы Конституциясы 19-бабының 2-тармағында «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқы бар» делінген. Мәдени алуан түрлілікті, ұлт, дін ерекшеліктерін сыйлауды бүгін мультикультурализм деп атайды. 285 млн. америкалықтың 37 млн.-ы Латын Америкасынан, тағы 37 млн.-ы афро-америкалық, 11 млн.-ы Азиядан шыққандар, 3 млн. америкалық үнділік. Еуротектілер азайып, латынамерикалықтар мен азиятектілердің саны өсуде. АҚШ, біз айтқандай, барлық этностарды өз қазанында балқытып, жаңа ұлт

жасай алмады. Американың тілін, заңын мойындағанмен, этностар өз дәстүрі мен ділінен ажырағысы келмейді. Сондықтан, америкалықтар «мы думали, что варим суп, а получили салат» деп әзілдейді. Бүгін америкалықтар да мультикультурализмге бейімделіп келеді. Америкалық испандықтар бүгін испан тілі екінші мемлекеттік тіл болсын деген ұсыныс енгізуде. Қазақстанға келген сапарында Германия канцлері Ангела Меркель еліндегі неміс еместер өз тіл, діни-мәдени дәстүрлерімен өмір сүріп, христиандық құндылықтарға бейімделмейтініне қынжылысын жасырмады. Ол рас, Германиядағы мұсылмандар неміс тілін меңгерген, неміс заңын сыйлайды, бірақ тұрмыста олар түрік, араб – мұсылман. Тек Германия ғана емес, көптеген Еуропа елдерінде байырғы ұлттардың саны азаюда. Сол себепті еуропалықтар «қонақтар» – этностар көбейе келе еуропалықтарға бейімделмей, еуропалықтар оларға бейімделетін заман туады деп үрейленеді. Ал бізде ше? Қазақтар тәуелсіздікпен бірге жауапкершілік те алды. Қазақ елінде тұратын этностар қан мен тер төгіп тәуелсіздік үшін күрескен емес, тіпті олардың кейбіреулерінің ата-бабалары қазақтың ұлт-азаттық күресін күштеп басты, метрополияның отарлау саясаты солардың қолымен жүргізілді. Енді қазаққа өткенге кешіріммен қарап, ешкімнің намысын кемсітпеуге, адам, азамат ретінде әркімнің құқы қорғауға тура келеді. Егер ағаш солып шірі бастаса, оның бір бұтағы, бір жапырағы көгермейтіні сияқты, ынтымақтаспай, сыйласпай, мемлекеттегі бір этностық қауымдастық береке таба алмайтынын қазақтар мен қазақстандықтар түсінді. Қазақстанның ұлт саясатының тағы бір тағылымы мемлекеттің ұстанымында жатыр. Қазақстан Республикасы – басқа мемлекеттер сияқты, этностардың бәсекелестік алаңы, олардың орынды талаптарын қанағаттандыратын, орынсыз даулары мен дәмелерін де саралайтын кеңістік. Этносаралық және ұлтішілік қатынастар ахуалы қашан да күрделі, тұжырымдар, пікірлер мен ой-толғауларға толы. Мәселелердің шешілуі, сауалдар мен оған жауаптар оңай емес, дау-дамайлар да туып жатады. Кейбір ғылыми мақалаларда Қазақстанда 1989 жылы Жаңаөзенде, 1994 жылы Шығыс Қазақстанда, 2006 жылы Ақтауда, 2006 жылы Теңізде, 2007 жылы Шелекте, Маловодное, Маятаста этносаралық жаппай қақтығыстар болды деп жазылып жүр. («Мысль», 2009, №1, 18-бет.). Ресейдің кейбір ғылыми басылымдары 1989 жылы Жаңаөзенде болған жағдайдың себебін күні бүгінге дейін қазақтардан көреді: «... в 1989 г. националистически настроенная часть населения вынудила работавших дагестанцев в одночасье покинуть Казахстан и вернуться в Дагестан» (Социально-гуманитарные знания, 2010, №1, 193-бет). Ал енді «этносаралық негізде жаппай қақтығыстар» деген түйінге келетін болсақ, бұл жерде ғылыми теорияға жүгінген орынды болар. Этносаралық қақтығыстар



ғылымда жеке тұлғалар, топтар мен мемлекеттік деңгейде деп сараланды. Қазақстандағы қақтығыстар негізінен жеке адамдар мен шағын топтар арасындағы қайшылықтардан туды, олар жаппай (массовый) сипат алған жоқ. Сонымен бірге, қақтығыстар туралы сөз болғанда этностарды атап жату шындыққа да, саяси әдепке де қайшы. Көп жағдайда қақтығыстар бұзақы, сотқарлар арасында, саяси мәдениеті төмендігінен болған жанжалдар, оны түгел екі этнос арасындағы тартыс, дау деу дұрыс емес. Соңғы Ресейдегі – Мәскеу қаласындағы оқиғалар төңірегінде әңгіме болғанда, Ресейде бүкіл елге телеарналардан оны «орыстар мен кавказдықтар арасындағы қақтығыс» деді. Оның жаңғырығы бүкіл елге тарап, халықтар арасында бір-біріне жеккөрушілік пен күдік одан әрі тереңдеді. Осылай бұзақы топтар ұйымдас-тырған жанжалға ұлтаралық мән беріліп, жағдай одан әрі ушықты. Бұл ағат-тықтан біз де сабақ алуымыз керек. Қазақстандағы этносаралық қайшылықтар жаппай зорлық-зомбылыққа, жанжалдарға ұласпады, ел абыр-жымады, күдіктен гөрі болашаққа сенім басым болды. Этносаралық дау-дамайлар туған тұста мемлекет басты әділ төреші болып, этностық топтарды алаламады. Егер мемлекет бір, не бірнеше этностық топтың ықпалында бо-лып, соларға қызмет жасаса, этносаралық қайшылықтар одан әрі шиеленісер еді. Әр этностық топтың мемлекеттің елді бөліп-жармай, барлығын сыйлайтынына көзін жеткізу – үлкен психологиялық сенім тұғызатын фактор. Ал елдің тұтастығына қауіп төндіруге тырысқан Өскемендегі «Русь» атты бірлестіктің Қазақстанның шығыс және солтүстік өңірлерінде «Орыс жері» атты автономия құруды армандаған арам ниеті елді толғандырған тұста, мемлекет түгел елдің мүддесін қорғады.

**БҮГІНГІ АХУАЛ** Еліміз кеңестік азаматтықтан қазақстандық азаматтыққа бірте-бірте бейімделіп келеді. Бұл бейімделу саяси, психологиялық жағынан өте күрделі, Қазақстан паспортымен қазақстандық патриотизм, азаматтық сана ұяламайтыны белгілі. Бүгін Қазақстанмен өз тағдырын байланыстыра-тын қазақтар 96% құраса, орыстар – 89% болып отыр. Сауал салынғандардың 61%-ы қазақ тілін елдің басын біріктіретін фактор деп мойындап отыр («Литер», 9. XII. 2010). Мемлекетіміз тарыдай шашыраған қазақтың басын қосуға біраз күш салды. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «шет елдерден 800 мыңнан астам отандастарымыз келіп, халық саны бір жарым миллионға артты», деді. Дегенмен, ел ішінің тыныштығы жайбарақат, қаперсіз, бейжай көңіл-күйге, келісімнің сылбыр, марғау, қамсыз ахуалға ұласпағаны керек. Кейде тұрақтылық төңірегінде қарабайыр, жаттанды ресми насихат халықты жалықтырады, этносаралық келісімнің қазақстандық моделін проблемаларды мүлдем біржола шешілгендей, барлығы тап

бүгінгідей бола беретіндей көреміз. Экраннан әр түрлі тілде ән шырқап, билеп жүрген этнос өкілдерін көріп, ішіміз одан әрі жібіп, мейірленуге де болар. Бірақ күнделікті тұрмыс ән мен биден тұрмайтынын, кейде күрделі мәселелердің барлығын біле тұра оларды айналып өтуге тырысатынымыз өкінішті. Социологиялық зерттеулер бойынша, этносаралық келісім ел азаматтарын толғандыратын мәселелердің ішінде алдыңғы қатарларына шығып отыр. Ел бірлігі доктринасы төңірегіндегі, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына байланысты пікірталастар да елді ойландыруда. Көптеген күрделі мәселелер ашық айтылмағандықтан, пікірін сыртқа шығармай, көзге түспей, іштей ренжитіндер барлығы байқалады («Литер», 3 қараша, 2010 ж.) 1991 жылдан кейінгі кезең түбегейлі өзгерістерге толы. Соның бірі – елдегі этнодемографиялық өзгерістер. Қазақстан екі қауымдастық (қазақтар мен орыс этносы) басым болған мемлекеттен сан жағынан бір ұлт – қазақ ұлты басым елге айналды. 1999 – 2009 жылдар аралығында қазақтардың саны – 26,0%, өзбектер – 23,2%, ұйғырлар 6,8% өссе, орыстардың саны – 15,3%, украиндар – 39,1%, татарлар – 18,0%, немістер – 45,5% азайды. Этностық топтардың санының өзгеруі себебі әртүрлі. Жаңа демографиялық ахуал этносаралық қатынастарға жаңа мазмұн беретіні және оны ой елегінен өткізу қажеттігі де туып отыр. Әсіресе, орыс этносының көңіл күйі күрделі. Кеңес заманындағы «аға ұлт» мәртебесінен республикалар тәуелсіздік алған тұста орыстар қаласын-қаламасын этнос мәртебесіне төмендеді, себебі, орыс ұлтының атамекені Кеңес Одағы емес, енді – Ресей. Соңғы демографиялық өзгерістер Қазақстанда орыстар сан жағынан азшылық топқа айналатынын көрсетеді. Орыс этносы саны азайған сайын өз тағдырына алаңдайды, әсіресе, аға ұрпақты ойландырады. Ал орыс халқы санының ұдайы азаюы Ресейдің өзінде байқалып отыр. 2000 жылғы халық санағы бойынша орыстар 4 млн.-ға азайған. Соңғы жылдары бұл үдеріс жалғасуда («Социологические исследования», 2010 ж., №12, 43-бет). Орыс этносының басым көпшілігі қазақстандық ұстанымда болғанмен, бір тобы саны азайған сайын оқшауланып, тарихи отанынан қаржы алып, Ресейдің билік институттарымен тығыз байланысқа түсіп, сол елдің сойылын соқса, енді біреулері орыстарсыз қазақтар ел бола алмайды, жүзге бөлінген қазақтың басын біріктіруші, желімдей жабыстырушы орыстар ғана, сондықтан төрелігін айтып, төрде отыруымыз керек, ол үшін үлес салмағымызға сай билікте орын алуымыз қажет, деушілер де табылып жатады. Этносоциологтар, әсіресе, Мәскеу қаласындағы армян диаспорасын зерттеген Ю.В.Арутюнян диаспора өкілдерінің жасанды келісімге бейімділігіне назар аударады: «По существу лидеры так называемых «общин» стремятся использовать свои позиции, свое

«представительство» для завоевания определенных позиций в социально-управленческом аппарате власти», дейді. Автор жергілікті билікті, оның жүргізіп отырған ұлт саясатын мақтап, диаспора өкілдері лауазымды қызметке қол жеткізуге тырысатынын байқайды. Сондықтан автор бұл құбылысты әлеуметтік-этностық саудагерлік (спекуляция) деп атайды (Ю.В.Арутюнян, «Армяне в Москве», (по результатам сравнительного исследования), «Социологические исследования», 2001, №11, 21-бет.) Бұл тек армян диаспорасына, тек Мәскеуге тән жағдай болмаса керек. Бүгін біздің де кейбір жерлестеріміз қолпаштауды бизнеске айналдырып, жалған бедел жинап, мансапқа ие болып жүр. Ал күрделі мәселелерді талқылағанда олардың ой-қылығы, арғы ниеті белгілі болып қалады. Көлгірсу, шын пиғылын сездірмеуге тырысушылық ұлтаралық қатынастарда жиі кездеседі. Сондай-ақ социологиялық зерттеулер постсоциалистік кеңістіктегі елдер, оның ішінде Қазақстан да бар, тоталитаризм психологиясынан толық арылмағанын, әлі де абайлап, аяқты андап басатынын, ұлт десе, ұлтшыл, «экстремист» деп кінәлаудан қорқатынын, үрейден әлі айырылмағанын көрсетеді. Сондықтан, ұлт мәселесінде жоғары билікке сену, жауапкершілікті өз мойнына алмай, тіпті бала-шағасына да ана тілін мемлекет, мектеп қана үйретуге тиісті деп ойлайтындар баршылық. Сонымен бірге, қандай жолмен болса да байлыққа, билікке, жеке табысқа жетуге ұмтылыс, бірақ оған тер төгіп еңбек етпей, батыл іскерлікке, тәуекелге бармай, оңай жолмен ұрлықпен, жемқорлықпен тапқысы келетінін көрсетеді. Баю психологиясының тасасында ұлттық құндылықтар қала беріп, ұлттық нигилизм онан әрі күш алып отыр. Бұлар бізді ойландыруы керек.

**ТАҢДАУЛАР** Ұлт саясатын талдағанда қазақ ұлтының мәселесі алға шығатыны анық. Бүгінгі ақпараттық заманда қазақтар өз мәртебесін кеңес заманымен салыстырып қана қоймады. Өз деңгейін басқа мемлекеттермен, олардың аштық-тоқтығымен ғана емес, мемлекет құраушы ұлт мәртебесімен, ұлттың даму деңгейімен, тіл, мәдениет дамуымен салыстырады. Ал мемлекет ішінде қазақтар өзін этностармен салыстырып, олардың мемлекеттік тілді меңгеруін де қазақты сыйлаудың индикаторы ретінде бағалайды. Ал алыс аудандарда тұратын қазақтар өздерін экономикалық-әлеуметтік жағынан дамыған өңірлермен салыстырады. Көптеген мемлекеттермен салыстырғанда, мемлекет құраушы қазақ ұлтының отарланған ұлт екені әлі көзге ұрып тұр: 1) бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл, мәдениет әлі басымдыққа ие бола алмады; 2) азаматтық алу үшін мемлекеттік тілді білудің міндетті еместігі; 3) мемлекеттік тілді халыққа қызмет жасауға қолданбау; 4) сот жүйесі, құқық қорғау органдарының байырғы ұлттың тілін меңгермеуі,

сондықтан байырғы ұлттың тілін қорғамауы; 5) жердің, жер асты байлығының халықтың мүддесіне толықтай қызмет жасамауы елді ойландырады. Қазақ ұлтының бүгінгі жағдайын әлемдік әлеуметтану ғылымында ішкі отаршылдық дейді. Сырттан саяси тәуелсіздік пен еркіндік алғанмен, ішкі рухани, тілдік әлеуметтік тәуелділіктен толық арыла алмау соның белгісі. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, табиғи байлықты игеру барысында қоршаған ортаның бұзылуынан денсаулыққа келтірген зиянының орнын толтыру үшін жергілікті тұрғындарға әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізуді ойластырған орынды. Сондай-ақ кезінде депрессивтік деп аталған қырыққа жуық негізінен қазақтар тұратын аудандардың, ішкі көші-қон мәселелерін қолға алатын уақыт келді. Қазақ тілі мен мәдениетін бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында қазақ журналистері мен мәдениет саласындағы қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және бұқаралық ақпарат құралдарымен қазақ мәдениетін қолдауға қаржылық жағынан басымдық беру қажеттігі бар. Басқа мемлекеттер тәжірибесіне сүйеніп, заң негізінде ұлттық мәдениетті қорғау, БАҚ, кинопрокат, театрлар мен концерттер репертуарларын ұлттық мөлшерінің шетелдікке қарағанда басымдығын қадағалап отыру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жолдауында қазақстандықтардың үш тілді меңгеруіне зор мән берді. Бұл істе әлемдік тәжірибемен де есептеспей болмайды. Канадалық этнолингвист ғалымдар М.Сигуан мен У.Ф.Макки зерттеулерінше оқушыны екінші, үшінші тілге үйрету үшін сол тілдік ортада қай тілдің қуатты, қай тілдің әлсіз екенін айқындап алу қажет. Егер оқушының ана тілі қуатты тіл болып, әкімшілік, ақпарат, ғылымның тілі болса және оқушы туғаннан ана тілінен суарылса, екінші, тіпті үшінші тіл де ана тілінің мәртебесіне қауіп төнгізбейді, себебі, оқушы елдегі басымдық тілді меңгерген. Ал әлсіз тіл деп отбасында, күнделікті өмірде, билікте кең қолданылмайтын тілді атайды. Канаданың Сен-Ламберс провинциясында ағылшын тілін терең меңгерген оқушылар үшін француз тілі ана тіліне қауіп төндірмеген. Ал ана тілі – француз тілін толық меңгермеген оқушылар үшін ағылшын тілі олардың ана тілін ығыстырушы қызметін атқарған («Социологические исследования», 2002 ж., №8, 49-56-беттер). Сондықтан екі-үш тілді меңгеру үшін оқушыларды ана тілін меңгеруіне қарай таңдаудан өткізіп, арнаулы топтарда ғана енгізу жөн. Сонымен, қазақ ұлтының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, рухани жаңаруын, ұлт ретінде тұтастығын қамтамасыз ететін жалпы мемлекеттік бағдарламалар дайындау және іске асыру қажеттігі бар. Мәселе қазаққа артықшылық беруде емес, отарлау саясатының жарақатының орнын толтыруда болып отыр. Байлық, билік, мансап-мәртебе жеке адамдар ғана емес, әр этностық топ үшін де құндылық. Қазақстандық диаспоралардың бүгін мемлекеттік билікте, оның

жоғары басқару органдарында орын алуға тырысатындары айқын. Қазақстан Парламентінде Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған тоғыз депутат этностардың сұраныстарын толық қанағаттандырмайтын сияқты. Тіпті ашуызыға толы, іштей наразылығын сыртқа шығара алмайтындар қаншама? Ресейдің ТМД институты «Қазақстандағы орыстар» атты жобаға сәйкес Қазақстанда социологиялық зерттеулер жүргізген. Осы зерттеулер бойынша, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін орыс этносының 60%-ы жағдайымыз «жақсарды», 26%-ы нашарлады депті. Бұл – жалпықазақстандық үрдіс. «Қазақстанда кімге өмір сүру жеңіл?» – деген сауалға орыстардың 5,4%-ы – орыстарға, 50%-ға жуығы – орыстілділерге өмір сүру қиын, ал 37%-ы Қазақстанда өмір сүру барлығына да оңай емес депті. Орыстардың 17,1%-ы лауазымды жұмысқа жетуге мүмкіндік бар, 18%-ы қызметке әділ баға беріледі депті. Сауалдамаға жауап бергендердің 25%-ы Ресейде тұрмыс бәрібір жақсы депті. Респонденттердің 47,4%-ы Ресейге қоныс аударуға оңды қарайды. 30%-ы оқта-текте Ресейге қоныс аударуды ойлап қоямыз, бірақ оған мүмкіндік жоқ және Ресейге қоныс аударма қалған күнде де болашаққа сенім аз депті. Лауазымды жұмысқа әр этнос өкілдерін тарту төңірегінде ел ішінде әртүрлі пікірлер бар. Біразы демократиялық қоғамда лауазымды қызмет этностық тегіне қарай емес, кәсіби деңгейіне, біліміне, тәжірибесіне қарай беріледі, осы қағиданы біз де ұстануымыз керек деседі. Енді біреулер, олар басым көпшілік, бүгінгі біздің менталитетімізді, психологиямызды, саяси мәдениетіміздің деңгейін ескере отырып, лауазымды жұмысқа ұсынылғанда этностық факторды ескеру жөн делінеді. Парламентке Қазақстан халқы Ассамблеясынан тоғыз депутаттың сайлануы осы қағидатқа негізделген. Дегенмен, этностық факторға басымдық беру азаматтардың іскерлік қабілетін, кәсіби дайындығын ескермей, адам құқын шектейді деген сауал тағы туады. Сондықтан мемлекеттік қызметке, оның ішінде жоғары лауазымды қызметке де мемлекеттік тілді толық меңгерген азаматтарға ұлтына қарамай жол ашу этносаралық қатынастарды да реттеудің әділ жолы болады. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің міндетіміз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай кемінде 95 пайызды құрауы тиіс», деді. Енді мемлекеттік тілге сұраныс туғызу қажет. «Трудно выучить то, что нам не нужно», деп орынды айтыпты бір автор («Деловая неделя», 9 қаңтар, 2009 жыл). Лайықты, лауазымды қызметке әр ұлттан таңдау жасау – көпэтносты мемлекеттердің күрделі мәселесі. Мысалы, Ресейдің автономиялық республикаларына атын берген татар, башқұрт, басқа да этностар өздерін кемсітуге ұшыраған халықпыз, Федералдық билік негізінен орыстардан деп ренжиді. Ал автономиялық республикаларда тұратын

орыстар болса, жергілікті элита билікті басып алды, біздер шеттетілдік деп есептейді. Бұл – Ресейдің бүгінгі бас ауруы. Сонымен, елімізде қазақ ұлты, этностар арасында қарым-қатынас өзара бәсекелестік жағдайда, әр этностық қауымдастық іштей өзін басқалармен салыстырып, әт түрлі көңіл күй кешуде. Экономикалық бәсекелестік жағдайында қызғаныш та туады. Нарық заңы ұлтаралық қатынастарды шиеленістіреді, басты бәсекелестік басқа этностан болса, оған түрлі жағымсыз сипаттама таңылады. Этносаралық қатынастар ахуалы мемлекеттегі демократиялық ахуалға, саяси мәдениетке, тәжірибеге байланысты. Этностық топтар өкілдеріне, олардың белсенділеріне ашық пікір білдіруге, талаптарын ашық жариялауға мүмкіндік беріп, екінші жағынан, саяси билік ол талаптармен есептесуге, үнқатысуға икемді болып, жағдайды реттеп отыруға міндетті. Әлемдегі салыстырмалы, әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, саяси жүйе ашық, төзімді, саяси институттардың жұмысы жетілген сайын қақтығыстардың алдын алу мүмкіндігі туады. Сондай-ақ, керісінше, билік жабық, күдікшіл, кінәмшіл болған сайын талаптарын жүзеге асыру үшін этностық топтар заңсыз жолға баруы да мүмкін. Ал мемлекеттік органдағы қазақтар тарапынан тәкаппарлық, өзімшілдік этнос өкілдері үшін ұлттық астамшылық болып көрінсе, қазақтар үшін ұлттық нигилизм болып көрінеді. Ал лепірме, желікпе, лағып кететін белсенділер үшін биліктегілердің өркөкіректігі мен пандығы мемлекеттің ұлт саясатын бұрмалауға негіз болады. Тәуелсіздік алған тұста елімізде қақтығыстарға да, этносаралық келісімге де негіз болды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев қазақ мемлекеті этносаралық қатынастарды реттейтін жаңа жүйе қалыптастырды, бейбітшілік пен келісім мәдениеті қалыптаса бастады. «Біз әлі жол басында тұрмыз», деді Президент. Икемді, оралымды, барлық ұлтқа адал, ашық саясат ертең де этносаралық қатынастарды орнықты жолға бейімдеп отыруға негіз болады.

Амангелді Айталы, философия ғылымдарының докторы, профессор.